

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіндегі Орман және аң шаруашылығы комитеті аппаратының құрылымы туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 20 ақпандағы N 241. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.01.13. N 32 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіндегі Орман және аң шаруашылығы комитеті аппаратының құрылымы қосымшаға сәйкес осы аппарат қызметкерлерінің шекті санының негізінде 26 адам санында бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіндегі Орман және аң шаруашылығы комитетінде Төрағаның бір орынбасары және саны 6 адамнан тұратын алқа болуына рұқсат етілсін.

3. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіндегі Орман және аң шаруашылығы комитетіне "Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің орталық аппаратының құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 27 желтоқсандағы N 1656 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің қызметтік жеңіл автомобильдер лимиті шегінде және соның есебінен 1 қызметтік жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1997 жылғы 20 ақпандағы

N 241 қаулысына

қосымша

**Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы
министрлігіндегі Орман және аң шаруашылығы комитетінің
ҚҰРЫЛЫМЫ**

Орман шаруашылығын дамыту бөлімі
Орман қорғау, күзету және мемлекеттік бақылау бөлімі
Аң шаруашылығы бөлімі
Қаржы, бухгалтерлік есеп және кадр жұмысы бөлімі

Өнеркәсіптік қызмет және инвестициялар бөлімі
Ерекше қорғалатын табиғи аймақтар секторы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК